




6-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Басқа эстетикалық категориялар





Басқа эстетикалық категориялар

1. Асқақтық
Эстетикалық ой тарихындағы Асқақтық
Жалған-Лонгин
Орта ғасыр дәуірі
Жоғары Ренессанс
Асқақтылық табиғаты
Қоғамдағы асқақтық
Өнердегі асқақтық
Орта ғасырларда
Қайта өрлеу дәуірі
Жаңа заман өнерінде

1. Асқақтық

Құрметті тыңдаушылар, келесі дәрісімізде эстетикалық категорияларды талдауды жалғастырамыз. Алдыңғы дәрістерде эстетиканың негізгі ұғымы эстетикалықты қарастырғаннан кейін, негізгі эстетикалық категория – әсемдікті талдадық. Осы дәрістен бастап, келесі 4 дәрісте эстетикалық категорияларды қарастырамыз. Юрий Боров категорияларға өте маңызды теориялық негіз ретінде көңіл бөліп, өзінің «Эстетика» оқулығында бұл мәселені жан-жақты баяндайды. Эстетика категориясы – асқақтық бүгінгі тақырып арқауы болып табылады. Асқақтық – жоғары құндылығымен адамды шаттық сезімге бөлейтін, бірақ өзінің орасан зор күшімен және аумақтылығымен адамның оны қабылдау мүмкіндіктерінен асып түсетін, болашақ мүмкіндіктері зор нәрселер мен құбылыстардың эстетикалық құндылығын білдіретін категория екендігін мәдениеттанушы-ғалым профессор Ақтолқын Құлсариева атап өтеді. Ал, Николай Гартман, асқақтық – барлығынан гөрі анағұрлым маңызды әрі өзінше ерекше ретінде бөлініп, байқалып тұрады деп бағалайды. Және де асқақтықты қайдан көреміз деген сұрақ зерттеушіні мазалайды. Ол бойынша, асқақтық эстетикалыққа ғана қатысты емес, барлық салада, яғни, табиғат, адам өмірі, қиял мен ойда да барлық ұлылық пен артықшылық орын алған жерде кездеседі. Эстетикалық ой тарихындағы асқақтыққа тоқталып өтетін болсақ. Бастапқыда асқақтық эстетикалық категория ретінде емес, риториканың стилистикалық көрінісі ретінде ұғынылды. I ғ. грек шешені Цицилий «Асқақтық туралы» трактатында асқақтық стильдің ережелерін, шешендік сөйлеу техникасын қарап, стилистикалық фигуралар мен троптарды жіктеді. Цицилий ұсынған шешендік өнер ұстанымдары әдебиетке таралды. Цицилий трактаты бізге жетпеді. Ол туралы басқа ғалымдардың шығармаларындағы сақталған үзінділер мен ескертпелер бойынша ғана айтуға болады. Авторы белгісіз бізге басқа «Асқақтық туралы» трактаты жетті. Ұзақ уақыт оның авторы ретінде Лонгин аталып келді, бірақ қазір дәлелденгендей, ол оған тиесілі болмады. Дәстүр бойынша белгісіз автор жалған-Лонгин деп аталады.

Жалған-Лонгин асқақтықты стильдік түсінік ретінде оның мазмұнын эстетикалық категорияның мәніне дейін кеңейте отырып сақтады. Әдебиеттегі үздіктің барлығын асқақтық саласына жатқызды. Жалған-Лонгин асқақтықтың рухани көздерін атап өтеді: ерекше құмарлықтар, ұлы оймен ұштасқан сөздің сұлулығы. Жалған-Лонгин бойынша асқақтық қарапайымдылықтан, ұсақ атаққұмарлықтан, даңқ, шексіз биліктен – адамдарды сыртқы жылтырлығымен тартатын барлығынан алыстатады. Асқақтықта жалған-Лонгин Құдайдың құдіреттілігін сипаттайтын және ашып көрсететін философиялық мәні бар табиғат күшін көреді: Асқақтық Псевдо-Лонгин бойынша, адамның ұлылығын тәңір деңгейіне дейін көтереді, ажалсыздық сыйлайды. Адамдар ешқашан кішкентай бұлақтарды көргенде олар таза, мөлдір және пайдалы болғанына қарамастан асқақтық сезімін сезінбейді, бірақ Ніл, Дунай, Рейн және әсіресе мұхитты көргенде таңқалыс сезімінде болады. Асқақтық сезімін адам қолдан жасаған от емес, аспанның жарқылы тудырады; асқақтық ретінде адамды үлкен тастар мен күкірттің жанып жатқан ағындарынан атқылайтын жанартау таң қалдырады. Псевдо-Лонгиннің пайымдауында (= рационалды негіз) адамның әлі игермеген және оған қарсы тұрған құбылыстары асқақтық болып табылады делінген.

Орта ғасыр дәуірі асқақтықты сол кезеңге тән дәстүр бойынша Құдаймен байланыстырды. Ансельм Кентерберийский Құдайдың бар екендігі туралы дәлелімен сипатталады. Ол Құдай – ең асқақ деген (=жоғары игілік). Ортағасырлық соборлар биік, олар аспанға өткір шпильдермен ұмтылған және аса үлкен экспрессиямен және күшпен адамдардың жоғары, мінсіз, таза болуға ұмтылысын білдіреді.

Дантенің «Құдайлық комедиясы» оларға жалғанлонгиндік сарынды дәстүрмен аталған: стилистикалық



«асқақтық» – трагедия; «төменгі» – комедия деп түсінеді.

Ерте Ренессанс суретшілері асқақтықты күнделіктілік деңгейіне дейін түсіріп тастады.

Жоғары Ренессанс адамды жоғары көтереді, адам бойында ұлылық пен құдайшылдықты ашады. Өнер әлемі туралы батыл айтады, адам күштерінің асқақтығын ашып көрсетеді. Леонардо да Винчидің, Рафаэльдің өнер туындыларында ортағасырлық аскетизмді жоққа шығара отырып, адамның қуатын, сұлулығын ұлықтайды. Бұл асқақтықты адам болмысының жарқын және толық көрінісі ретінде жоғары түсінуді тудырды. Осы ретте неміс ойшылы Иммануил Кант «асқақтық табиғатта емес, біздің жанымызда ғана бар деп санады...»; жағымды ләззат алғызбай, ол біресе тартады, біресе өзінен кері итермелейді, жағымсыз сезім мен таңқалыс сезімін тудырады деген ой айтады. Және де Кант атап өткен асқақтық белгілері оның игерілмеуімен және адамға қатысты тәуелділігімен түсіндіріледі. Ал, профессор Ақтолқын Құлсариева: «табиғаттың орсан зор немесе пәрменді құбылыстары, тарихи төкерістер, тұлғалардың жанқиярлық рухани немесе әлеуметтік ерліктері мен ауқымды шығармашылығы адамдағы асқақтықтың объективті бастауларына жатады» деген тұжырым ұсынады. Асқақтық – сенім үдерісінде қорқынышты жеңудің арқасында пайда болған адамның тәкаппарлығы деген де пікір айтуға болады.

Асқақты сипаттау барысында әлемдік мәдениет тарихында әр түрлі көзқарастар айтылды. Соның бірі, асқақтықты әсемдікке қарсы қою, осы ойды таратушы Фридрих Шиллер болды. Ол әсемдік – жағымды, ал асқақтылық – найзағай жарқылы мен күннің күркіреуі секілді жағымсыз сезім тудырады деп санайды.

Эстетикалық ой тарихында әсемдік пен асқақтық қарама-қарсы болып қана қоймай, жақындай түсті. XIX ғ. француз эстетиктері Этьен Сурио, Н. Жоффруа асқақтық-әсемдіктің жоғары деңгейі немесе Пьер-Шарль Левек атап өткендей «өз ішіндегі» шексіз әсемдік деген ойда болатын.

Гегель асқақтықты – рухтың мазмұны материядан, формадан басым болатын өнердің дамуының романтикалық кезеңіне сәйкес келетін, абсолюттік рух қозғалысының кезеңі, әлемдік тарихи үдерістің деңгейі деп санады. Асқақтық бейнелері, әсіресе романтикалық кезеңге сәйкес келетін поэзия мен музыкаға жақын.

Чернышевский асқақтық онымен салыстырылатын басқа құбылыстардан әлдеқайда мықты әрі жоғары деп болжады.

Иоган Гаман асқақтықты эстетикалық емес, діни категория ретінде түсіндірген.

Юрий Боров ұсынған эстетикалық ой тарихына қысқаша шолу жасау арқылы әсемдік және асқақтықтың өзара қарым-қатынасына қатысты екі көзқарасты анықтауға болады: 1) асқақтық – әсемдіктің тамаша деңгейі, оның көлемі мен қуатымен ерекшеленетін түрі; 2) асқақтық әсемдікке қарама-қарсы және оны қабылдау кезінде эстетикалық жағымсыз реакция пайда болады. Осы теориялық ұстанымдардың әрқайсысы бір жақты. Қазіргі заманғы анықтамаға эстетиканың алдыңғы тәжірибесінен барлық рационалдыны алу қажет.

Асқақтық күнделікті өмірдің әдетті жүрісіне ретсіздік әкелуі мүмкін. Бұл шұғыл өзгерістер адамда кенеттен пайда болған шаттану немесе үрейлену туғыза алады. Адам толық меңгенгеннен кейін асқақтық әсемдікке айналады деген пікірлерде эстетика ғылымында орын алған.

Асқақтық мәнін анықтауда неміс ойшылы Николай Гартманның зерттеулері өзіндік мағынаға ие. Мәселен, асқақтық әр түрлі табиғат құбылыстарында бар, бірақ бұлар эстетикалық болып табылмайды, эстетикалық деңгейге асқақтық субъектінің эмоционалдық күйіне қатысты ғана жете алады. Себебі, ол «біз үшін» ғана осындай күйде болады, дәл біз оған деген дұрыс қатынасты айқындай аламыз. Алайда, өте күшті әрі терең мағынасында адам өмірінде ғана көрініс табады, дәл осы жерде біз оны түсінеміз; кімде-кім ауру мен ауыр қайғыны өз басынан анағұрлым жеңіл өткізсе, ол ауру мен ауыр қайғыдан асқақ тұрады деген сынды мысалдармен атап өтуге болады. Дегенмен де, зерттеуші, таза асқақтық құбылыстары миф, дін және дүниетаным, сонымен қатар, философиялық ойлау мен көзқарастар саласында екендігін естен шығармауды ескертеді.

Неміс зерттеушісі асқақтықты талдау барысында оның бірнеше түрін атап өтеді:

1. ұлы және керемет – сандық сипатына қатысты алынбайды, мөлшері үлкен болмаса да белгілі ғимараттар ұлылық әсерін қалдырады;
2. қатал, салтанатты, көрнекті, терең мағыналы немесе қалай да негіздемелі түрде әсер етуші; бұл жерде қаталдық салтанатты көңілдіге де қатысты болуы мүмкін;
3. өз ішінде аяқталған, жетілген, оның алдында өзінді бейшара сезінесің; құпия-үңсіз және тыныш, белгісіз және өлшенбейтін ретінде қабылдаймыз;
4. тамаша – табиғатта – басым және күшті, адам өмірінде – моральдық басымдық, шабыттандырушы;
5. адам өміріне басып кіретін – орсан зор, қорқынышты, сұмдық нәрсе;



6. қызықты және керемет – екеуі де адам тағдырына қатысты, прототипті түрде поэзияны алуға болады;
7. қандай да бір трагедиялық мағынаға ие.

Жалпы алғанда, асқақтық – әсемдікті сипаттайтын, ерекше құбылыстың нысаны кейде сыртқы жағынан ұнамсыз болып көрінсе де, ерекше құбылыс пен қуатпен ерекшеленеді және қуанышты таңдану және ынта-жігердің қызықты сезімін тудырады. Әлемнің шексіздігі мен мәңгілігі, табиғат пен адамның күшті ішкі күштері, табиғатты дамытудағы шексіз перспективалар, оның гуманизациясы – бұл эстетика категориясы ретінде асқақтық бейнесі.

Асқақтық түрлерін айқындап алған соң, оның өнердегі көрінісіне тоқталайық, яғни өнердегі асқақтық мәселесін талқылайық. Профессор Ақтолқын Құлсариева өз зерттеулерінде «Өнерде асқақтық аумақты, көтеріңкі, монументалды туындыларда анық көрініс табады. Өнер тарихында асқақтық мәселесі алғашқы рет антикалық мәдениетке өнердің тартымдылығы мен көтеріңкілігіне байланысты қойылды» деп атап өтеді.

Юрий Боров өз зерттеуінде бұл мәселені әлемдік мәдениет тарихын қарастыру арқылы шешуге тырысады. Ұлылық, ауқымдылық, монументалдылық – өнердегі асқақтықтың көріну формасы. Гректер құдайлардың патшасын құдіретті Зевстен көрген. Олимпиядағы Зевс ғибадатханасында және найзағай құдайдың мүсіндік бейнесінде асқақтық айқын бейнеленеді. Ғимараттың интерьеріндегі Зевс бейнесі мүсін мен ғибадатхананың өлшемдерінің ара қатынасында асқақтықтың маңызды көзі болды. Барлық композиция: адам күшті, ол үлкен ғибадатхананы салды, бірақ Зевс күштірек: ол орнынан тұра қалған жағдайда – күмбез құлайды деп тұрғандай. Әсемдік пен асқақтық әсерін қалдыратын бұл архитектуралық-мүсіндік ансамбльде табиғаттың күштерін игеру және басқаларға тәуелділік идеясы өн бойында жиналған.

Орта ғасырларда асқақтық Құдаймен бірдей болып, эстетика мен құдайлықтың шекаралық категориясы ретінде қарастырылды. Асқақтық бейнесі готикалық храмдардан байқалады. Жоғары бағытталған сызықтар аспан мен адам үмітінің байланысын көрсетті.

Қайта өрлеу дәуірі асқақтықты Микеланджоның Давид мүсіні сипатты ұлы тұлғаның ұшан теңіз келеңсіздіктерімен күресуші ретінде көрсетті. Бозбала шайқасқа дейін бір сәтке бейнеленген, оның босаңсыған бұлшық еттері нәзік терімен ойнақсиды – осылайша лақтыру алдында, жоғары кернеу алдында адамның барлық күші әлсірейді. Бұл – сыртқа шығуға дайын асқақтық бейнесі.

Жаңа дәуірдің өнерінде асқақтық Бетховеннің тоғызыншы симфониясында ұтымды көрсетілген. Тыныш, қатаң, баяу дыбыстар біртіндеп өсіп, кенеттен жарылады. Бетховен әлемі орасан зор және шексіз. Оның музыкасында бәрі күтпеген жерден: сыңғырлаған баяу дыбыстар үні, дауылдар жарылысы, ғашықтардың сыбыры мен дүниежүзілік апаттың қатты дыбысы. Революциялық дауыл дәуірі музыкаға енді. Табиғат та, адам өмірі де Бетховенге ғарыштық, асқақтық болып қабылданады.

Боровтың пікірінше, асқақтылық – жалпы жағымды қоғамдық маңызы бар, бүкіл халықтардың немесе бүкіл адамзаттың өміріне әсер ететін заттар мен құбылыстарға тән объективті эстетикалық қасиет. Өзінің зор күші мен үлкен ауқымына байланысты асқақтық құбылысы бірден игеріле алмайды, сондықтан оларға қатысты адам тәуелді. Әсемдік – еркіндік саласы, асқақтық – адамның тәуелділік саласы.

Осы ретте, Николай Гартманның пайымдауынша, өнерге қатысты болмаса, әсемдік сияқты емес, асқақтықтың еш маңызы болмас еді. Қай өнердің түрінде асқақтық орын алады. Зерттеуші атап өткендей, музыка мен сәулет өнерінде асқақтық анағұрлым таза күйінде көрініс береді. Музыка – тыңдаушыға тікелей әсер ету арқылы жан дүниесін дүр сілкіндіреді, рухани динамиканы көрсетеді. Сәулет өнерінде, керісінше, мызғымас күйде, салтанатты түрде асқақтық орын алады.

Көріп отырғанымыздай, эстетика ғылымындағы асқақтық категориясы өте маңызды ұғымдардың қатарына жатады.